




Бейсенбай Сұлейменов
ТЕНТЕКТЕР

The publisher's logo is contained within an oval frame. It features the word "Балалар" in a large, stylized font above "АДАБИЕТІ" in a smaller font. A small, decorative heart shape is positioned between the two lines of text.

Бейсенбай Сүлейменов

ТЕНТЕКТЕР

(Повесть, әңгімелер, өртегілер)



“Балалар әдебиеті” баспасы, 2006
© “Детская легенда”, 2006

ББК 83.8
С 90

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ
МИНИСТРЛІГІНІҢ АҚПАРАТ ЖӘНЕ МҰРАFAT КОМИТЕТІНІҢ
БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛЫП ОТЫР**

С 90 Бейсенбай Сүлейменов .
С “Тентектер”. Повесть, әңгімелер, ертегілер. — Алматы:
“Балалар әдебиеті” баспасы. — 2006. —160 бет.

Жазушы Бейсенбай Сүлейменов – балаларға арналған бірнеше кітаптың авторы. Оның “Кечуа тайпасының үндістері”, “Куанышты күн”, “Бес ғасыр атылмаған садак” кітаптары кезінде балаларды куанышқа бөлеп, қоңылдеріне жылылық ұлатқан болатын. Ал, жазушының бүгінгі ұсынып отырған туындылары – оның көп жылдық шығармашылық еңбегінің жемісі. Кітаптың басты кейіпкерлері – бақытты балалар, ашық та жарқын жеткіншектер. Олар достықты қастерлейді, үлкенді үлгі тұтады. Сондай-ақ кейбір әңгіме, ертегілері шет ел балаларының ауыр түрмис тауқыметіне, мұқалмайтын қайсар мінезіне арналған. Шығармага терең үнілген әрбір жас оқырман олардың да өздеріне тән қызық, куаныштары бар екеніне көз жеткізеді, бірге шаттанады.

Кітаптың оқиғасы қызықты, тілі жатық,

ISBN 9965-650-62-4

С 4803250204
00 (05)-06

ББК 83.8

ISBN 9965-650-62-4

© Б. Сүлейменов., 2006
© “Балалар әдебиеті” баспасы, 2006

**Бейбітшіліктің мәнгілік тірері –
Әлем балаларына арнаймын.**

Автор.

ТЕНТЕКТЕР

(повесть)

Егер бір-бірімізге қастық ойласақ, аспаннан алmas қылыш түссін, мойнымды кесіп түссін!

— Кесіп түссін!

— Егер өтірік айтсам, аспаннан алmas қылыш түссін, тілімді кесіп түссін!

— Кесіп түссін!

— Егер достарымызды жолға тастанап, сатқындық жасасақ, аспаннан алmas қылыш түссін, мойнымды кесіп түссін!

(Осы повестің бас кейінкерінің антынан)

ӨТІРІКШІ – ӨРМЕКШІ

“Былғары доп” клубының жұлдесі үшін аула аралық ақтық айқастың нағыз қызған шағы. Ералхан Жаксылықтың анда-санда босанып кететін төбеті қуғандай жүгіріп келді де:

— Футбол ойнайық деп жатыр едік, соған бір ойыншы жетіспейді. Қақпаға сен тұрсан қайтеді, — деді.

— Қақпаға? Жоқ, келіспеймін, — деді Бақыт табан астынан қырысаға қалып.

— Осы сен қызықсың. Жаңа ғана ойнаймын деп жар салғаның қайда? Артық балаларды қайтарып жібергенбіз, ренжісе де... Ым... түсінікті болды. Өтірікші-өрмекші екенің рас екен ғой...

Ағасы үшін Қайрат орнынан атып тұрып, Ералханның жағасынан ала кетті. Арашаға Бақыттың өзі тұсті...

— Бақыт, жіберші, мен... мен оған көрсетейін. Аяғына доп іліктіре алмаса да, жүгіргеніне мәз болып жүр ғой. Жіберші...

— Ей, қойшы соны, тағы да шешесіне айтып жүрер...

— Мейлі, айтса айта берсін. Сен өтірікші емессің.

Бақыт қу тілді болғанымен, әлжуаз. Қүрессе, сыныптағы балалардың бәрінен жығылып қалады. Жүгірсе, ешкімге жеткізбейді. Қайрат болса ағасы үшін үнемі жыны келіп жүреді. “Қорқақсың” дейді. Өзі құшті-ақ. Үшінші сыныпта қораз сияқты қоқыланып жүретіндерді тыптыр еткізбейді. Сондықтан Қайрат тұрған жерде Бақытқа ешкім тимейді.

Балалардың Бақытты “Өтірікші-өрмекші” деп атауының өзіндік себебі бар. Шынына келсек, Бақыт еш уақытта өтірік айтпайды. Бірақ кейде оның сөзіне не сенерінді, не сенбесінді білмей де қалатын кездерің болады. Сонда Ералхан сияқтылар: “Қойшы соны, өтірікші-өрмекшіні”, — дейді. Бақыттың бұған қалай қарайтынын кім білсін, бірақ Қайрат ондайда шыдамайды.

Бақыттың жиен ағасы Нұрланды өжесі еркелетіп “Апыр-топыр” дейді.

Оған ренжитін ол ма? Қайда көрсөң де үлкенмен де, кішімен де әзілдесіп жүргені. Сол Нұрлан Бақытты қөбіне тракторға мінгізіп алады. Бір күні екеуі егістік алқапта жүрген. Қара қарғалар үрікпей, трактордың соқасына қонақтай қалған. Оған Бақыт таң қалды. Бірде тіпті қырғауылдарды да қол созым жерден өз көзімен көрді.

— Бақыт, ендігі жолы мылтықты ала шығып, қырғауыл атамыз. Олар трактордан үрікпейтін болып алды, — деді Нұрлан.

— Рас па? — Бақыт қуаныш кетті.

— Рас болғанда қандай. Менің алдағанымды көрдің бе?

— Жоқ.

Олардың ойын тырналардың алыстан талып жеткен өсем үні бөліп жіберді.

— Аға, қараңызы, тырналар келді!

Тыраулап, қалықтап ұшып жүр.

— Биыл көктем жайлы болады, өйткені тырналар ерте келіпті, — деді Нұрлан.

Бақыттың қуанышында шек жоқ. Трактордан түсті де адырға қарай жүгірді.

— Алакай, біздің ауылға тағы да тырналар келді!

— Бақыт, сен тырналардың тізіліп ұшқанын көрдің бе? — деді ағасы.

— Көрдім. Олардың ұшып бара жатып үйіктайтынын да білемін, — деді Бақыт.

— Тағы не білесің? — деді Нұрлан елең етіп.

— Үм... сосын, олардың арасында жол

бастайтындары болады. Шаршаса, кезектесіп отырады.

— Ал, “Арқан бол, арқан бол”, — деп дауыстағанда, тырналардың сол сәтте-ақ тізбектеліп ұшатынын білесің бе?

— Жоқ...

Бақыт сәл ойланып қалды да:

— Қазір біз де солай айқайлайықшы, — деді қуана.

— Даусымыз жетпейді. Мына тырналар тым биікте. Мейлі, сенің айтқаның-ақ бола қойсын, байқап көрейік.

— Арқан бол, арқан бол!

Кешке қарай тырналар ұшып бара жатты. Сонда Нұрлан:

— Көрдің бе? Біздің даусымыз оларға енді ғана жетілті, — деді.

Бақыт ертеңіне егіс басында көргенін, тырналардың “арқан бол, арқан бол” дегенде тізіле үшқанын достарына айтып берді. Бірақ ешкім сенген жоқ. Сонда “өтірікші-өрмекші” деген жаңа, су жаңа есімге ие болды.

“Енді бірде Нұрлан ағаға айтып, Жақсылық, Орынбасар сияқты қалқан құлақтардың бірін ертіп бармасам ба? Сонда бәрібір сенер. Көр де тұр”, — деді іштей Бақыт. Агалар алдамайды ғой...

БАҚЫТТЫҢ АҒАСЫ

Кейде, Бақыттың ойынша, “сөтсіз” күндері оны ауланың бар баласы “Әлімханның інісі” дейді. Алғашында бұл сөзге Бақыт әжептәуір шамданып қалатын, ал қазір оған еті үйреніп кетті. Өзі ойлайды, Әлімхан аға нағыз жақсы адам той деп. Әттең...

Бақыттың есіне өзінің бұдан үш жыл бұрын қоңыр партага алғаш отырған күні тұсті. Әжесі оны қолынан жетектеп алып бара жатқан. Мектеп өзеннің арғы бетінде болатын. Жолда Әлімхан аға кездесіп, әжесін де, Бақытты да, басқа балаларды да арбасына мінгізіп алған. Олар мектепке көнілді жетті. Сол күннен бастап Бақыт Әлімханды іштей аға деп атауды үйғарды. Бірақ, ол кісі сөйлей алмайды. Оны ауылдағылардың бәрі “мылқау” деседі. Бақыттың олай айтқысы келмейді. Әйткені Әлімхан аға ымдағанға түсінеді. Қолдарын шошайтып өзінше жауап береді. Куанса аңқылдай күледі. Бір мінезі – айтқанынан қайтпайды. Балаларға мейрімді. Ал, тағы бір жақсы қасиеті – уәдесіне берік-ак.

Әлімхан бәрінен де Бақыттың әжесін жақсы көреді. Әже де оны еркелетеді. Қалтасынан алып Бақытқа сақтап жүрген кәмпитеттерінен береді. Сол сәтте Әлімхан аға да бала сияқты болып кетеді.

Әжесі Бақытты бөлмеге кіргізіп, партаға отырғызды. Содан соң Кәмила апайға тапсырып, өзі үйге қайтты. Аулаға кіріп ентігін басқаны сол еді, немересі түк болмағандай алдынан шықты.

— Мұның не, қарағым-ay? Оқығың келмей ме? — деді әжесі.

— Сабакта отырғанда қимылдатпайды екен. Сіз секілді менің де белім ауырды. Сосын кетіп қалдым. Әже, қарным ашты, айран ішкім келеді...

— Жарығым-ay, сені де бір үйдің үп-үлкен азаматы дейді-ay!

— Әже, ренжіменеңізші. Тамақтанып алған соң мектепке қайтадан барамын. Шын айтам.

— Айналайын, мен сені ақымақ па десем, ақылың бар екен гой...

Бақытты мектепке былтыр “Жасың жетпейді” деп алмай қойған. Ал, биыл сыныптағы ең үлкені осы болып шықты. Алғашында Кәмила апай балалардың барлығын сапқа тұрғызған. Сонда ол өзінен-өзі қатты үялды. Бойы басқалардан тым ұзын. Сосын үзілісте үйге қарай жылыстап қаша жөнелген.

Жолда Әлімхан ағаны көрді. Арбасымен шөп әкеле жатыр екен. Бақыт қалың қурайдың ішіне тығыла қалды. Ол байқамай өте шықты. Егер көріп қалса, өзін қайтадан мектепке алып баратыны сөзсіз.

Ертеңіне сабакқа Бақыттың өзі келді. Әжесі ілесіп бірге бармақшы еді, көнбей қойды.

Ол сабақ үстінде терезе жаққа жалтақ-жалтақ қарай берді. Әжесі келіп қалуы мүмкін фой. “Немеремнің қарны ашып қалған шығар”, – деп, анау Ералханның атасы құсап қойнына тығып жарты таба нан әкеліп тұрса, ұят-ау! Бәрінен де қыздар мазақтаса ше! Бірақ әжесі, әйтеуір, келген жоқ.

Бақыт, Леня, Ералхан мектептен келе жатқан жолда Әлімхан аға кездесіп, оларды тағы да арбасына мінгізіп алды. Сол күннен бастап Әлімхан “Бақыттың ағасы” атанды. Сол күннен бастап Бақыт та Әлімханды іштей аға тұтып жүрді.

Бақыттың әлі есінде. Дүкеннің қасынан өтіп бара жатып Әлімханды көріп қалды. Ол сонда ерекше көңілді еді. Балаларды байқап қалды да, қастарына келді. Бәрінің қолдарын алды, Бақыттың басынан сипады. Одан соң әлденелерді айтты. “Сәл кідіре тұрындар” дегендег ыңғай білдіріп дүкенге кірді. Оқушылар аң-таң болып, мектепке қарай жылыстай берді. Ол сәлден соң балалардың арттарынан айқайлаپ қуып жетті де, бәріне кітап, қалам үлестірді. Одан соң Әлімхан аға әлденелерді қолын шошайтып ұзак, қинала түсіндірді. Бірақ, жас достар ештеңе үққан жоқ. Олар ертеңіне ғана Әлімханның әйелі ұл тапқанын жүрттап естіді.

Балалар енді Әлімханмен нағыз дос болып алды. Ол арбасына мінгізіп қыдыртады, кейде жолы түссе мектепке де алып барады.

Бір байқайтындары, жол бойында әңгімесі тек сәби жайлы: еңбектеуге талпынғанын салады. Ағаларының бұл қылыштарына балалар мәз. Олар енді Әлімханның ымдағанын сөл-пәл түсінетін болды.

Бірде Әлімхан аға велосипед теуіп жүрген балаларды көріп, ұзақ қарап тұрды. Сосын ымдай баставы. Оның балалар “мен де кейін ұлымға велосипед әперемін, тек өссін” деп тұрғанын ұқты.

Әлімхан ағаның соңғы кезде өзгеріп кеткенін Бақыт та, Ералхан да байқады. Үлкендердің айтуына қарағанда ұлы есіне түссе, жұмысты тастай сала үйіне тартатын құсайды. Кейде ұзақ күн ыңылдалап, белгісіз бір әнді айтудан жалықпайды екен. Одан соң көп-көп гүл теріп, алдынан кездескендердің бәріне-бәріне сыйлайды екен. Ал, кейде Әлімхан аға жеке жүріп те өзінен-өзі құле береді. Одан соң егілтегіл жылайтын кездері болады. Сонда ол қорқынышты болып көрінеді. Бірақ, ағаның оқыс қылыштарын ересектер балаларға қуаныштан, тек қана қуаныштан деп түсіндірді.

Әлімхан ағаның осы бір азғантай ғана қуанышы қас-қағым сәтте өте шыққандай болды. Бір күні ұлы ауырып, шетінеді. Бұл қайғы ауылға бұрын-соңды болмаған мұң әкелді. Әлімхан аға төсек тартып көп жатып алды. Енді оны көшеде көргенмен балалар жүгіріп қасына бармайтын, арбасына мінбейтінді шығарды.

Неге олай екенін білмейді, өздерін кінелі сезінгендей қашады да жүреді. Жақындауға жүректері дауаламайды.

Әлімхан ағаның бұрынғы өмірі біреулерге жұмбақ болса, енді біреулерге түсініксіз еді. Ал, енді міне оның үйінде аз уақыт болмағаны ауылдастарының барлығын аяғынан тік тұрғызыды. Оны ешкім ізден таба алмады. Сондағы ауылдастарының әбігерге түскені-ай. Кейін Әлімхан ағаның өзі келді. “Қай жақта жүрсің” деп оған үлкендер жағы ренжіген жоқ. Қайта аман-есен табылғанына қуанды. Қазір оның ешкімі жоқ. Әйелінің төркініне кетіп қалғанына біраз болды. Ол күні кеше ғана қуанышқа, шексіз бақытқа толы болған үйде жалғыз тұрады...

Балалардың бір байқағаны – Әлімхан ағаға ауылдағы кез-келген үйдің есігі ашық, дастарханы жаюлы.

Балалар қазір Әлімхан ағаны көрсө қашады. Бақыттың оларға жыны келеді. Себебі әкесі айтқандай “жақсы адам” десе, оны достары “ағасын мақтап жатыр” дері сөзсіз ғой. Бірақ, көр де тұр, ерте ме, кеш пе, Әлімхан ағаның жақсы адам екенін ауылдың барлық баласы білетін, өз әкелеріндей сүйетін болады. Иә, иә, көр де тұр...

КОНСТРУКТОР

Көгілдір көктем де келді. Сәуір айында Лениннің туған күні құрметіне Бақыт, Леня, Бауыржан және Орынбасар пионер қатарына қабылданды. Сол күнгі қуанышты айтпа!

Балалар жексенбі күні Ералханға баруға келісті. Ол ауруханада. Пионер қатарына өтпеген жалғыз сол. Науқастанып қалмағанда ол да қабылданатын еді.

Ералхан пионер қатарына бұрын өтетін еді. Бірақ... бәрі өзінен...

Бірде Ералханның Алматыдағы институтта оқытын ағасы демалысқа шығып, ауылға оралды. Оның қашанда балалардың барлығы таң қалатын бір нәрсе алып келетін әдеті. Бұл жолы қолдан жасап ұшыратын ғарыш кемесінің моделін әкеліпті.

Оны өздері құрастырып, қорған ішінде сынақтан өткізді. Керемет екен, бірден тік шаншыла ұшты. Көрінбей кетті. Біраздан соң жерге құлады. Балалар шарбаққа шығып, қызықтады. Ал, ертеңіне Ералхан мақтанып, балалардың барлығын жинап алды да, ғарыш кемесін жасауга кірісті.

Біреуді үйіне су жаңа дәптер мен қалам алып келуге, енді бірін желім табуға жіберді. Бір кезде бәрі де дайын болды. Ералханды балалар қоршап алған. Ол дәптердің ортасына қаламды салып, шырышықтап орай бастады.

Шетін желімдеді. Ішіндегі қаламды суырып алды. Міне, қағаз түтікше де дайын. Оның бас жағын таспен тығындал қойды. Одан соң қанатын, ұшқір тұмсығын жасады. Ералхан енді айналасына жалтақ-жалтақ қарап, қалтасынан қағазға оралған бір нәрсені алды. Кәдімгі оқ дәрісі. Бақыт оны бірден білді. Әкесі аң аулауға шыққанда патрондарға осы дәріні салатын.

Олар қалың талдың ішіндегі ашық алаңды ғарыш кемесін ұшыруға лайықты орын деп тапты. Ералхан түтіктің ішіне дәрі толтырды. Түп жағын қағазбен тығындал, сәл ғана саңылау қалдырды. “Тығылындар!” деген белгі де берілді. Барлығы қолайлы жер іздең жүр. Бақыт оның қалай ұшқанын анық көру үшін арықтың ішіне шалқасынан жатты.

— Абайла, Бақыт, ұшы ұшкір. Қарныңа қадалмасын, — деп әзілдеп қойды балалар.

Шынында, Бақытқа жатқан жері қолайсыз көрінді. Орнынан тұрып, басқа жерге барып жантайды.

Ералхан ұзын таяқтың басына қағаз қыстырып оны тұтатты да, ғарыш кемесінің төменгі жағына тигізді.

Балалардың көздері сонда.

— Бес, төрт, үш, екі, бір, нөл. Старт!

Зымыран атылды.

— Ура!

Балалар зымыран түскен жаққа қарай жүгірді.

Жерге қадалып тұр. Тура бағанағы Бақыт жатқан жер. Мұны көргенде оның көздері атыздағ болып кетті.

— Айтып едік қой, сенің қарныңа қадалады деп...

Ералханның өзіліне құлмеген бала жоқ. Ал, Бақыт үялғаннан қызырақтаپ, әркімге бір жалтақтаپ қарай береді. Ендігі жолы Ералхан зымыранды тігінен емес, көлбеуінен ұшыруды үйғарды. Балалардың қой дегеніне қарамай, дәріні тұтатпакқа бекінді.

Ұшыру сәтсіз аяқталды. Балалар елу метрдей жерде жарылып жатқан зымыранды алып келгенде, Ералхан бетін басып отыр еді. Бет-аузы қап-қара күйе. Жарылған дәрі бетін күйдіріп тастапты. Жедел жәрдем келіп, оны ауруханаға әкетті.

...Балалар Ералханды аурухананың ауласында жолықтырды. Ол бір топ баланың ортасында әңгіме айтып отыр екен. Достарын көре сала орнынан тұрып, таң қалған кейіппен қарады. Бүкіл сынып келген. Бәрінің де мойнында алқызыл галстук. Ералхан ыңғайсызданса да, онысын сездірмеуге тырысты:

— О, құттықтаймын бәрінді де! — деп, бір-бірлеп қолдарын қысты.

— Денсаулық қалай? Конструктор, тағы да зымыран ұшырайын деп жатқан жоқсың ба? — деді Бақыт жымиған күйі.

— Жоқ. Дәрігерлер тыптыр еткізбейді.

Енді екі-үш күнде жіберетін шыгар. Егер жібермесе қашып кетемін. — Ералхан осы сөзді айтты да, мұңайып қалды.

— Олай істеме, үят болады.
— Жазылып шыққан соң, тағы бірге боламыз.
— Каникулда “Қызыл сұнқар” отряды іске кіріседі.

— Бұл — Бақыттың идеясы.
— Мырзашөлге алғаш келіп, канал қазған адамдарды іздестіреміз.

— Қазірдің өзінде көптеген деректер таптық. Енді әрбір күніміз көңілді өтетін болады.

Бәрі тұс-тұстан жамырай Ералханды жұбатып жатыр.

— Аға пионервожатый алдағы дружина жиынында сені пионер қатарына өткіземіз деп айтты, — деді Леня.

Ералхан бәрінен де Леняның сөзіне риза болды...

Балалардың Ералханнан қайтып келе жатқанын сынып жетекшісі Кәмила апай көрді. Таң қалды. Жексенбі күні... Барлығы... Мойындарында қызыл галстук... “Е-е, — деді Кәмила апай ішінен, — бұлар бір жұмысты тындырып келе жатыр ғой!...”

ҚИМАС СӘТТЕР

Леня – грек баласы. Ес білгеннен бұлар бірге өсті. Бірінші сыныпқа да бірге барған. Алғашында Леняны мамасы орыс мектебіне апарған. Сөйтсе, Леня бір ауыз орысша білмейді екен. Ал, қазақша сайрап тұр. Мұғалімдер атанаасына Леняны қазақ сыныбына беру керек деп ұсыныс айтты. Анасы көнбей қойды. Соңда оның жылағаны-ай. Бүкіл ауылға естілді десе де болады. Себебі, достарының барлығы қазақ балалары, оның үстіне арықтың арғы бетіндегі мектепке жалғыз баруы керек қой. Ал, Бақыттар оқитын мектеп су жаңа, үш қабатты. Ақыры Леня қазақ сыныбында оқитын болды. Оған достарының бәрі қуанды...

Бұл оқиға Леняның достарына оңай тиген жок. Бұрын осы әңгіменің шеті шыққанда ешкім оған көңіл де аудармаған еді. Енді, міне, қимас сәттер басталды. Леняның үй-іші өз елдері – Грекияға көшпекші. Алғашында Леня Грекиядағы ағайындарынан келген хаттарды асыға күтетін. Оны мақтаныш сезіммен ауылдың бар баласына айтатын. Ал, енді сол хаттар келсе еңсесі түседі, қабағын қар жауады. Өйткені, соңғы кездерде Леняның атасы мен әжесі Грекиядан хабар келген сайын балаларын өз елдеріне қайтуға үтіттейді. Міне, енді бәрі де кеш. Бірнеше күннен соң достары мен туған жерін, Отанын тастанап қалай

ғана қоштаспак? Өмірі көрмеген, білмеген елге бармақ. Танымаған балалармен дос болмақ. Өзіне ана тіліндей болып кеткен қазақ тілін ұмытып, өмірі сөйлемеп көрмеген грек тілінде сөйлемек.

...Ол бүгін де мектепке келмеді. Ал, балалар сабактан шығысымен тұра Леняның үйіне тартты. Жол бойы бір-біріне тіс жарып ештеңе деген жок. Қабақтары түсіңкі. Барлығын іштей бір-ақ ой мазалайды. Ол...

— Леняның басқа амалы жок, бәрібір ата-анасынан қалмайды.

— Өзінің қалғысы бар. Бөлініп қалуға оған рұқсат бермейді.

— Онда, ол біздің үйде-ақ жүре беруіне болады.

— Біздің үйде де. Әкем мен анам да қуанбаса ренжімейді.

— Бірақ, біз Леняның өз ойын білуіміз керек.

— Ол кеше ғана бармаймын деген.

— Сонда да болса, өзімен ашық сөйлесейік. Келіссе, ата-анасынан отряд, тіпті дружина болып өтінеміз. Анастас аға да түсінетін шығар.

Леняның өншейін тұруға ерінетін үйқышыл күшігі шәуілдей үрді. Қақпа алдында өлгі өңгіме сап тыйылды.

— Саламатсыз ба, Анастас аға. — Балалар Леняның әкесімен шуласа амандасты.

— Біз Леняға келдік. Ол бүгін тағы да сабакқа қатыспады. Сосын халін білейік деп едік, — деді Бақыт.

- Білетін несі бар, тентек мінезін көрсете берген соң үйге қамап қойдым...
 - Неге?
 - Оны достарыңың өзінен сұрандар. Қазір бәрі де кеш. Біз өз елімізге кететін болдық. Ал, ол болса...
 - Анастас аға, шынымен сіздерге біздің елде үнамай ма?
 - Неге, өкпеміз жоқ. Үйреніп те қалып едік. Бірақ, қарттар қартайған сайын туған жерін сағынады еken...
- Леняның әкесі бұдан басқа ештеңе деген жоқ. Үн-түнсіз үйге кірді де қайта шықты.
- Сендерге мектепте қырсықтықты үйрете ме?.. Әлі де ойынан қайтпапты. Барып өздерің сөйлесіндер, ақылдарыңды айтыңдар, үлкеннің сөзін тыңдал өскен едік. Ал, мына...
- Леня бөлмесінде жалғыз жатыр еken. Достарын көрді де жылап жіберді.
- Мениң барғым келмейді. Көр де түр, орманға қашып кетемін. Сосын, сосын тауып көріндер.
 - Леня, жылама. Одан бәрібір ештеңе бітпейді.
 - Біз сенімен біргеміз.
 - Мұмкін, Грекиядағы қазіргі жағдайды Анастас ағаға түсіндіреміз.
 - Капиталистік ел еkenін айтайық.
 - Әкем көнгенмен әжем мен атам көнбейді. Оларға Грекиядан қасиетті жер жоқ бұл әлемде. Ой-армандары — тек елге қайту.

Капиталистік дүниені талай айтып көндіре алмадым. Әбден басым қатып кетті. Енді не істерімді білмеймін.

Бақыт Орынбасардың құлағына әлденелерді сыйырлады да:

— Леня, бізде бүгін керемет оқиға болды. Мағрипа әже Қасым ағаның домбырасын мұражайға сыйға тартты.

— Мектепке өзі әкеліп берді.

— Эскери ордендер, медальдардың коллекциясына тағы бір медаль қосылды. Оны Жұмахан ата тапсырды. Одан соң сол наградасын алу тарихын айтты. Ол кісі үшқыш болыпты.

— Біз өз ауылдастарымызды әлі күнге дейін жақсы білмейді еkenбіз. Мұнымыз үят-ақ.

— Жақсылықтың өзі қорқақ болса да ағасы Самат нағыз батыр екен. Кеше командирінен хат келіпті.

Оны, Жақсылық, өзің айтшы.

— Білесіндер ме, менің ағам — сержант. Оның бөлімшесі шекараны кесіп өткен қауіпті шпионды ұстапты. Тыптыр еткізбеген. Мен ағамның ерте ме, кеш пе, әйтеуір, шпионды ұстайтынын алдын ала білгенмін. Ол самбоның әдістерін де көп біледі.

Ауылға келген соң маған үйретемін деп уәде берді. Ал, мен сендерге үйретемін.

— Шынымен бе?

— Алдайды дейсіндер ме? Алдасам, аспаннан

алмас қылыш түссін... Ұмытып барады екенмін, командирі ағамның шекарада тұскен суретін салып жіберіпті. Тура кинодағыдай. Қолында автоматы. Арқасында рация.

Жақсылықтың ұзаққа созылған, бірақ қызықты өңгімесін Айгүл бөлді.

— Мүмкін, сол суретті комсомол даңқы мұражайына қойсақ қайтеді. Самат мектепте оқыған, комсомол мүшесі.

Жақсылық сәл ойланып қалды да:

— Мен онда ағама бүгін хат жазып жіберемін. Рекс деген овчарка итіңмен тұскен суретінді жібер деп. Рекс болса, сөйлеген сөзіңің бәрін, бәрін түсінеді. Қорғау тәсілдерін де біледі екен.

* * *

Нағыз көңілсіз сәттер енді басталды. Анастас ағаның үй-ішін Грекияға шығарып салуға бүкіл ауыл келді. Эн айтылды, би биленді. Ауыл таң атқанша кірпік ілген жоқ.

Тыныштықты Әлімхан ағаның зарлы дауысы бөлді.

— Бә-бә-бә-ә!!!

Бұл — Әлімхан ағаның шын ренжігені. Байқап қараса, ауылдастардан тек қана жоғы осы екен.

Қалайша ұмыт қалған? Бәрібір Әлімханды мылқау деп ескерусіз қалдырығанымен, оның да өз орны бар ғой.

Бақыттың ағасы Леняның әкесімен құшақтаса көрісті.

- Екі құрдас бірін-бірі қимай жатыр ғой.
- Иә, сөзге түсінбейді деген Әлімхан мұнша қиналғанда, мына басқа жұрт не қылмақ.

Жүктөр тиеліп болды. Леня мен әжесі кабинаға мінді.

Бақыт ұмытып барады екен, әлгіде ғана алып келген фотоаппараты қолында тұр.

Ол машинаға жақындал, досына арналған сыйлықты бермекші болып ыңғайланды.

— Леня! Леня! Мынау саған, ескерткішке.

Онда үн жоқ. Басы төмен салбырап кетіпті.

— Леня, бұл шынымен саған, бүкіл отрядтың атынан.

Бақыт кабинаға жақындал еді, әйнектің аргы жағында отырған әжейдің көзінен мөлтек жасты көрді.

Леня машина қозғалғанда да басын көтерген жоқ.

Артынан ұзақ қарап тұрған Бақытқа досы әліге дейін өксігін баса алмай жылап бара жатқандай көрінді... Ал, әжесі осындаі бір ғажап елмен, тамаша жандармен мәңгілікке қоштасқанына іштей өкініп бара жатқандай еді...

Анастас аға күні ертең-ақ қайтып келетіндей көрінді...